



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАМДАСТЫРЫЛҒАН КАБЕЛЬДЕР

Техникалық шарттар

КАБЕЛИ КОМБИНИРОВАННЫЕ ДЛЯ СИСТЕМ ВИДЕОНАБЛЮДЕНИЯ

Технические условия

ҚР СТ 2644-2015

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАМДАСТЫРЫЛҒАН КАБЕЛЬДЕР

Техникалық шарттар

ҚР СТ 2644-2015

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2015 жылғы «24» қарашадағы № 236-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-ІІ «Техникалық реттеу туралы» Заңы, 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-І «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңының нормалары жүзеге асырылды

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

2020 жыл
5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

**БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН
ҚҰРАМДАСТЫРЫЛҒАН КАБЕЛЬДЕР****Техникалық шарттар**

Енгізілген күні 2017-01-01**1 Қолданылу саласы**

Осы стандарт бейнебақылау жүйелеріне арналған құрамдастырылған кабельдерге (бұдан әрі – кабельдер) таралады және 250 В артық емес кернеуімен және 400 Гц артық емес жиілігімен басқару сигналдарын беру және/немесе қоректі біруақытты қосу арқылы бейнебақылау жүйелерінде телевизиялық сигналдарды беруге арналған кабельдерге техникалық сипаттамаларға, құрастырылымға қойылатын талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 1798-2008 Электр кабельдері мен сымдары. Өрт қауіптілігі көрсеткіштері. Сынау әдістері.

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.005-88 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс аймағы ауасына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар.

ГОСТ 12.2.007.0-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр техникалық бұйымдар. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.2.007.14-75 Кабельдер және кабельдік арқау. Қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.3.008-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Металл және металл емес бейорганикалық жабындар өндірісі. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.4.011-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс істейтіндерді қорғау құралдары. Жалпы талаптар және жіктеу.

ГОСТ 12.4.103-83 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Арнайы қорғау киімі, аяқ пен қолды жеке қорғау құралдары. Жіктеу.

ГОСТ 15.309-98 Өнімді өндіріске әзірлеу және қою жүйесі. Шығарылатын өнімді сынау және қабылдау, негізгі ережелер.

ҚР СТ 2644-2015

ГОСТ 17.2.3.02-2014 Өнеркәсіптік кәсіпорындардан ластау заттарының рұқсат етілген шығарындыларын белгілеу ережесі.

ГОСТ 20.57.406-81 Электр техникалық, кванттық электроника және электр техникалық бұйымдар. Сынау әдістері.

ГОСТ 27.410-87 Техникадағы сенімділік. Сенімділік көрсеткіштерін бақылау әдістері мен сенімділікке арналған бақылау сынақтарының жоспарлары.

ГОСТ 859-2014 Мыс. Маркалар.

ГОСТ 2405-88. Манометрлер, вакуумметрлер, мановакуумметрлер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 2990-78 Кабельдер, сымдар және шнурлар. Кернеу арқылы сынау әдістері.

ГОСТ 3062-80 1x7 (1+6) құрастырылымның ЛК-О типті жеке бұралған аркан. Сұрыпталым.

ГОСТ 3345-76 Кабельдер, сымдар және шнурлар. Оқшаулаудың электр кедергісін анықтау әдісі.

ГОСТ 5960-72 Сымдар мен кабельдердің қорғаныш қаптамаларына және оқшаулауына арналған поливинилхлоридті пластикат. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7229-76 Кабельдер, сымдар және шнурлар. Ток өткізетін тіндер мен өткізгіштердің электр кедергісін анықтау әдісі.

ГОСТ 11326.0-78 Радиожиіптік кабельдер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 12177-79 Кабельдер, сымдар және шнурлар. Құрастырылымды тексеру әдістері.

ГОСТ 12182.8-80 Кабельдер, сымдар және шнурлар. Иілуге төзімділігін тексеру әдісі.

ГОСТ 15150-69 Машиналар, құралдар және басқа техникалық бұйымдар. Өртүрлі климаттық аудандар үшін орындау. Сыртқы ортаның климаттық факторлары әсері бөлігіндегі санаттар, пайдалану шарттары, сақтау және тасымалдау.

ГОСТ 15845-80 Кабель бұйымдары. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 16336-2013 Кабельдік өнеркәсіпке арналған полиэтилен композициясы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 16504-81 Өнімді мемлекеттік сынау жүйесі. Өнім сапасын сынау және бақылау. Негізгі терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 18690-2012 Кабельдер, сымдар, шнурлар және кабельдік арқау. Таңбалау, буып-түю, тасымалдау және сақтау.

ГОСТ 22483-2012 Кабельдерге, сымдарға және шнурларға арналған ток өткізетін тіндер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 25018-81 Кабельдер, сымдар және шнурлар. Оқшаулаудың және қаптаманың механикалық көрсеткіштерін анықтау әдістері.

ГОСТ 27893-88 Байланыс кабельдері. Сынау әдістері.

ГОСТ 28840-90 Созылуға, сығылуға және иілуге арналған материалдарды сынауға арналған машиналар. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 31565-2012 Кабельдік бұйымдар. Өрт қауіпсіздігі талаптары.

Ескертпе - Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы ГОСТ 15845 бойынша терминдер мен оларға тиісті анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Толқынды кедергі: «Бос жүріс» және «қысқа тұйықталу» режимдерінде өлшенген кабель жұптарының кіріс кедергісі модульдерінің орташа геометриялық мәні.

3.2 Бейнебақылау жүйелеріне арналған құрама кабель: Радиожиілікті элементтен және қоректің екі сымынан тұратын кабель.

3.3 Жануын таратпау: Тұтану көзін алып тастағаннан кейін жануын өздігінен тоқтататын бірге салынған кабельдердің тобы немесе кабельдер мүмкіндігі.

3.4 Поливинилхлоридті пластикат: Пластификаторлары, тұрақтандырғыштары, толтырғыштары және басқа құрауыштары бар хлорлы винил полимерлеу арқылы алынған поливинилхлоридті шайыр қоспасы (поливинилхлорид).

3.5 Радиожиілікті элемент: Негізгі элементтері ішкі өткізгіш (ток өткізетін тін), окшаулау, сыртқы өткізгіш (экран) және қаптама болып табылатын радиожиілікті коаксиалды кабель.

3.6 Жарық тұрақтандыратын полиэтилен: Ұсақ дисперсиялы ыстың 2,5 % кем емес құрайтын полиолефиндер класына тиесілі этиленнің синтетикалық термопластикалық полимері.

4 Жіктеу

4.1 Кабельдер мынадай белгілері бойынша жіктеледі:

4.1.1 Кабельдің жалпы қаптамасының материалы бойынша:

- жарық тұрақтандыратын полиэтиленП;
- поливинилхлоридті пластикатВ.

ҚР СТ 2644-2015

4.1.2 Радиожиілікті элементті окшаулауы бойынша номинал диаметр мәні бойынша:

- 2,2 мм.....2;
- 2,7 мм.....3.

4.1.3 Кабель құрастырылымының элементтері бойынша:

- сымарқанның болуы.....Т.

4.1.4 Өрт қауіпсіздігі бөлігінде орындау бойынша:

- жеке төсем кезінде жануын таратпайтын (белгіленусіз).

4.1.5 Климаттық орындау бойынша – ГОСТ 15150 бойынша.

4.2 Кабельдің шартты белгіленуі

Кабель маркасының шартты белгіленуі құрауға тиіс:

- 1) К әрпі – кабель;
- 2) В әрпі – бейнебақылау;
- 4) К әрпі - құрама;
- 5) жалпы қаптама материалын көрсететін әріпті;
- 6) сымарқанның болуын көрсететін т әрпін.

Цифрлар, окшаулау бойынша номинал диаметрінің мәні, қорек тіндерінің саны, қорек тіндерінің қимасы.

Мысалы –0,5 мм² қималы қоректің екі тіндері бар, 2 мм радиожиілікті элементті окшаулау жөніндегі диаметрлі поливинилхлоридті пластикаттан жасалған қаптамасы бар бейнебақылау жүйелеріне құрама кабель:

КВК-В 2-2 х 0,5 ҚР СТ...

5 Техникалық талаптар

5.1 Жалпы талаптар

5.1.1 Кабельдер осы стандарттың, [1] және белгіленген тәптіште бекітілген технологиялық құжаттардың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5.1.2 Жарық тұрақтандыратын полиэтиленнен жасалған қаптамадағы кабельдер 1, 2 орналастыру санатының УХЛ климаттық орындауға сәйкес келуге тиіс, поливинилхлоридті пластикаттан жасалған қаптамадағы кабельдер ГОСТ 15150 бойынша 2.1, 3, 4 орналастыру санатының УХЛ климаттық орындауына сәйкес келуге тиіс.

5.2 Маркалар мен өлшемдер

5.2.1 Кабельдердің маркалары, атауы және басым қолданылу саласы А қосымшасында келтірілген.

5.2.2 1 км кабельдердің ең жоғарғы сыртқы диаметрі мен есептік салмағы Б қосымшасында келтірілген.

5.2.3 Кабельдердің құрылыс ұзындығы 200 м кем емес болуға тиіс. Тұтынушымен келісім бойынша кез келген ұзындықтағы кабельдерді тапсыруға рұқсат етіледі.

5.3 Кабель құрастырылымына қойылатын талаптар

5.3.1 Радиожиілікті элемент

5.3.1.1 Ішкі өткізгіш (ток өткізетін тін)

5.3.1.1.1 Материал

Ішкі өткізгіш ГОСТ 859 бойынша мыс сымнан жасалған бір сымды болуға тиіс.

5.3.1.1.2 Құрастырылым

Ішкі өткізгіштің номинал диаметрі 0,37 мм немесе 0,45 мм болуға тиіс. Ішкі өткізгіштің номинал диаметрінен шектік ауытқу минус 0,005 мм-ден 0,005 мм дейін болуға тиіс.

Радиожиілікті элементтің ішкі өткізгішінің үстіне оқшаулау салынуға тиіс.

5.3.1.2 Оқшаулау

5.3.1.2.1 Материал

Оқшаулау ГОСТ 16336 бойынша тұтас полиэтиленнің орындалуға тиіс.

5.3.1.2.2 Құрастырылым

Оқшаулау бойынша радиожиілікті элементтің номинал диаметрі және радиожиілікті элементтердің сыртқы диаметрі 1-кестеде көрсетілген мәндерге сәйкес келуге тиіс.

1-кесте

Кабель маркасы	Ішкі өткізгіштің диаметрі, мм	Радиожиілікті элементті оқшаулау жөніндегі диаметр, мм	Радиожиілікті элементтің сыртқы диаметрі, мм
КВК-В 2-2х0,5	0,37	$2,2 \pm 0,1$	$3,8 \pm 0,2$
КВК-В 2-2х0,75	0,37	$2,2 \pm 0,1$	$3,8 \pm 0,2$
КВК-В 3-2х0,5	0,45	$2,7 \pm 0,1$	$4,1 \pm 0,2$
КВК-В 3-2х0,75	0,45	$2,7 \pm 0,1$	$4,1 \pm 0,2$
КВК-П 2-2х0,5	0,37	$2,2 \pm 0,1$	$3,8 \pm 0,2$
КВК-П 2-2х0,75	0,37	$2,2 \pm 0,1$	$3,8 \pm 0,2$
КВК-П 3-2х0,5	0,45	$2,7 \pm 0,1$	$4,1 \pm 0,2$
КВК-П 3-2х0,75	0,45	$2,7 \pm 0,1$	$4,1 \pm 0,2$
КВК-Пт 2-2х0,5	0,37	$2,2 \pm 0,1$	$3,8 \pm 0,2$
КВК-Пт 2-2х0,75	0,37	$2,2 \pm 0,1$	$3,8 \pm 0,2$
КВК-Пт 3-2х0,5	0,45	$2,7 \pm 0,1$	$4,1 \pm 0,2$
КВК-Пт 3-2х0,75	0,45	$2,7 \pm 0,1$	$4,1 \pm 0,2$

ҚР СТ 2644-2015

Оқшаулау шектік ауытқу үшін оқшаулау қалыңдығынан шығатын жарықтарсыз, қабыршақтарсыз және ісінусіз, бөгде қосымдар мен қоспаларсыз, тұтас, біртекті болуға тиіс.

Радиожилікті элементтің оқшаулау үстіне мыс сымнан жасалған тоқыма түрінде сыртқы өткізгіш салуға тиіс.

5.3.1.3 Сыртқы өткізгіш (экран)

5.3.1.3.1 Материал

Сыртқы өткізгіш ГОСТ 859 бойынша мыс сымдардан орындалуға тиіс.

5.3.1.3.2 Құрастырылым

Мыс сымның диаметрі 0,1 мм құрауға тиіс. Ішкі өткізгіштің номинал диаметрінен шектік ауытқу минус 0,003 мм-ден 0,003 мм дейін болуға тиіс.

Тоқыма тығыздығы $(60 \pm 5) \%$ болуға тиіс. Тапсырыс берушінің талабы бойынша тоқыма тығыздығы 90 % дейін көбейтілуге тиіс.

Радиожилікті элементтің сыртқы өткізгішінің үстіне қаптама салынуға тиіс.

5.3.1.4 Радиожилікті элемент қаптамасы

5.3.1.4.1 Материал

Қаптама ГОСТ 5960 бойынша поливинилхлоридті пластикаттан орындалуға тиіс.

5.3.1.4.2 Құрастырылым

Радиожилікті элемент қаптамасының номинал қалыңдығы 0,6 мм болуға тиіс. Төменгі шектік ауытқу минус 0,16 мм болуға тиіс.

Қаптама беті қымтақ, тегіс, жарықсыз және рұқсат етілген шегінен кабель өлшемдерінен шығатын бөгде қоспаларсыз болуға тиіс.

5.3.2 Қорек сымы

5.3.2.1 Ток өткізетін тіндер

5.3.2.1.1 Материал

Ток өткізетін тіндер ГОСТ 859 бойынша қалайыланған мыс сымнан орындалуға тиіс.

5.3.2.1.2 Құрастырылым

Ток өткізетін тіндер ГОСТ 22483 бойынша иілімділіктің үшінші класына сәйкес келуге тиіс.

Тіндердің номинал қимасы $0,5 \text{ мм}^2$ немесе $0,75 \text{ мм}^2$ болуға тиіс.

Қорек сымының ток өткізетін тіндеріне оқшаулау салынуға тиіс.

5.3.2.2 Оқшаулау

5.3.2.2.1 Материал

Қорек тіндерін оқшаулау ГОСТ 5960 бойынша поливинилхлоридті пластикаттан орындалуға тиіс.

5.3.2.2.2 Құрастырылым

Оқшаулаудың номинал қалыңдығы 0,45 мм болуға тиіс. Төменгі шектік ауытқуы минус 0,1 мм болуға тиіс. Жоғарғы шектік мәні нормаланбайды.

Қорек тіндерін оқшаулау бойынша диаметрі 2-кестеде көрсетілген мәндерге сәйкес келуге тиіс.

2-кесте

Кабель маркалары	Қорек сымының ток өткізетін тіндерінің диаметрі, мм	Оқшаулау бойынша қорек сымының ток өткізетін диаметрі, мм
КВК-В 2-2x0,5	0,9	1,8
КВК-В 2-2x0,75	1,1	2,0
КВК-В 3-2x0,5	0,9	1,8
КВК-В 3-2x0,75	1,1	2,0
КВК-П 2-2x0,5	0,9	1,8
КВК-П 2-2x0,75	1,1	2,0
КВК-П 3-2x0,5	0,9	1,8
КВК-П 3-2x0,75	1,1	2,0
КВК-Пт 2-2x0,5	0,9	1,8
КВК-Пт 2-2x0,75	1,1	2,0
КВК-Пт 3-2x0,5	0,9	1,8
КВК-Пт 3-2x0,75	1,1	2,0

Оқшаулау түсі қызыл және қара болуға тиіс.

Оқшаулау шектік ауытқу үшін оқшаулау қалыңдығынан шығатын жарықтарсыз, қабыршақтарсыз және ісінуісз, бөгде қосымдар мен қоспаларсыз, тұтас, біртекті болуға тиіс.

5.3.3 Кабельдің жалпы қаптамасы

5.3.3.1 Материал

5.3.3.1.1 Кабельдің жалпы қаптамасы ГОСТ 5960 бойынша поливинилхлоридті пластикаттан немесе ГОСТ 16336 бойынша жарық тұрақтандыратын полиэтиленнен орындалуға тиіс.

5.3.3.1.2 Сымарқан (арқан) ГОСТ 3062 бойынша мырышталған болат сымнан орындалуға тиіс.

5.3.3.2 Құрастырылым

5.3.3.2.1 Қоректің екі сымына және радиожілікті элементке кабельдің жалпы қаптамасы салынуға тиіс.

Кабель қаптамасының номинал қалыңдығы 1,0 мм болуға тиіс. Төменгі шектік ауытқу минус 0,2 мм болуға тиіс.

5.3.3.2.2 КВК-Пт маркалы кабельдерде 1,0 мм диаметрлі сымарқанның бөлгіш мойнағы арқылы параллель салынуға тиіс.

Сымарқан қаптамасының номинал қалыңдығы 1,0 мм болуға тиіс. Төменгі шектік ауытқу минус 0,2 мм болуға тиіс. Бөлгіш негіз қалыңдығы 1,0_{-0,2} мм, ал биіктігі – 2,5_{-1,0} мм болуға тиіс.

5.3.3.2.3 Кабельдің жалпы қаптамасының беті тегіс, жарықсыз және рұқсат етілген шегінен кабель өлшемдері шығатын бөгде қоспаларсыз болуға тиіс.

5.4 Электр параметрлеріне қойылатын талаптар

5.4.1 Радиожиілікті элементтің электр параметрлері:

5.4.1.1 1000 м ұзындығына және 20 °С температурасына қайта есептелген тұрақты ток кезінде ішкі өткізгіштің электр кедергісі, Ом, артық емес болуға тиіс:

- 0,37 мм диаметрлі.....160;
- 0,45 мм диаметрлі.....108.

5.4.1.1.1 Норманы басқа ұзындыққа қайта есептеу кезіндегі коэффициент $L^*/1000$.

5.4.1.2 1000 м ұзындығына және 20 °С температурасына қайта есептелген тұрақты ток кезінде радиожиілікті элементті окшаулаудың электр кедергісі, МОм, кем емес болуға тиіс:5000.

5.4.1.2.1 Басқа ұзындығына норманы қайта есептеу кезіндегі коэффициент $1000/L^*$.

5.4.1.3 Кабельдердің радиожиілікті элемент окшаулауы бойынша диаметрі бар кабельдер үшін 1 мин бойы, В радиожиілікті элемент тоқымасы мен ішкі өткізгіш арасында салынған тұрақты ток кезінде сынақ кернеуге төзуге тиіс, мм:

- 24000;
- 35000.

5.4.1.4 Радиожиілікті элементтің электр сыйымдылығы 1 м ұзындығына 0,8 кГц жиілігіне, пФ, артық емес болуға тиіс67.

5.4.1.5 20 °С температурасы кезінде 1 м ұзындықта, 200 МГц жиілікте, сөну коэффициенті, радиожиілікті элементті окшаулау бойынша диаметрі бар кабельдер үшін, дБ, артық емес болуға тиіс, мм:

- 20,42;
- 30,30.

5.4.1.6 20 °С температурасы кезінде 1 м ұзындығына, 3000 МГц жиілікте сөну коэффициенті, радиожиілікті элементті окшаулау бойынша диаметрлі бар кабельдер үшін, дБ, артық емес болуға тиіс:

- 22,0;
- 31,4.

5.4.1.7 Толқын кедергісі болуға тиіс, Ом, 75 ± 3 .

5.4.1.8 Толқын ұзындығын қысқарту коэффициенті, артық емес1,6.

5.4.2 Қорек тіндерінің электр параметрлері:

L^* – кабельдің нақты ұзындығы, м

5.4.2.1 1000 м ұзындығына және 20 °С температурасына қайта есептелген тұрақты ток кезінде қорек тіндерінің электр кедергісі тіндер қимасы үшін, Ом, артық емес болуға тиіс:

- 0,50 мм ²	39,6;
- 0,75 мм ²	25,5.

5.4.2.1.1 Норманы басқа ұзындыққа қайта есептеу кезіндегі коэффициент $L^*/1000$.

5.4.2.2 1000 м ұзындығына және 20 °С температурасына қайта есептелген тұрақты ток кезінде қорек тіндерінің электр кедергісі, МОм, кем емес болуға тиіс 1000.

5.4.2.2.1 Норманы басқа ұзындыққа қайта есептеу кезіндегі коэффициент $...1000/L^*$.

5.4.2.3 Кабельдер 1 мин бойы қорек тіндері арасына салынған тұрақты ток кезінде сынақ кедергісіне төзуге тиіс, В..... 1000.

5.5 Физикалық-механикалық параметрлеріне қойылатын талаптар

5.5.1 Кабель кабельдің он ең төменгі сыртқы диаметріне тең иілу радиусы кезінде $\pm 90^\circ$ бұрышында 10 иілімнен кем емес төзуге тиіс.

5.5.2 Сымарқанның шектік үзілу күші быты H/mm^2 (кгс/мм²) болуға тиіс..... 1770 (180).

L^* – кабельдің нақты ұзындығы, м

5.6 Сыртқы әсер ететін факторларға қойылатын төзімділік талаптар

5.6.1 Кабельдер қоршаған ортаның жоғарғы температурасының әсеріне төзімді болуға тиіс, °С:

- поливинилхлоридті пластикаттан жасалған қаптамасы бар кабельдер үшін 70;

- жарық тұрақтандыратын полиэтиленнен жасалған қаптамасы бар кабельдер үшін..... 80.

5.6.2 Кабельдер қоршаған ортаның төмен температурасының әсеріне төзімді болуға тиіс, °С..... минус 40.

5.6.4 Кабельдер 35 °С дейін температурасы кезінде жоғары салыстырмалы ауа ылғалдығының әсеріне төзімді болуға тиіс, %..... 98.

5.6.5 Кабельдер күн сәулесінің әсеріне төзімді болуға тиіс.

5.6.6 Кабельдер зеңді саңырауқұлақтармен зақымдалуына төзімді болуға тиіс.

5.6.7 ПВХ қаптамадағы кабельдер май және бензин әсеріне төзімді болуға тиіс.

5.7 Таңбалауға қойылатын талаптар

5.7.1 Кабельдерді таңбалау [1] талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5.7.2 Интервалы 1 м артық емес кабель қаптамасының сыртқы бетінде айқын айырымды түсірілуге тиіс:

- дайындаушы кәсіпорынның атауы;
- дайындаушы кәсіпорынның тауарлық белгісі;
- кабельдің шартты белгіленуі;
- өлшеу белгілері;
- кабельдің дайындалуы (күні, айы, жылы).

Тұтынушымен келісім бойынша тұтынушының атауы немесе логотипі кабельдің сыртқы бетіне түсіруге рұқсат етіледі.

Таңбалау берік және өшірілмейтін болуға тиіс.

5.7.3 Таңбалау оқшаулау немесе қаптама бойынша кедір-бұдырлы басылуға немесе түсірілуге тиіс.

5.7.4 Қорапта немесе орамға бекітілген жазба белгіге мемлекеттік және орыс тілдерінде мыналар көрсетілуге тиіс:

- дайындаушы кәсіпорынның атауы немесе тауарлық белгісі;
- дайындаушы кәсіпорынның заңды мекенжайы;
- кабельдің шартты белгіленуі;
- кабельді дайындауға сәйкес нормативтік құжаттың атауы (белгіленуі);
- топтаманың зауыттық нөмірі, дайындау күні;
- метрмен берілген кабель ұзындығы;
- килограммен берілген кабель салмағы;
- «Қазақстан Республикасында жасалған» жазбасы;
- техникалық бақылау таңбасы;
- қызмет ету мерзімі.

Тұтынушымен келісім бойынша жазба белгіде тұтынушының атауын көрсетуге рұқсат етеді.

5.7.5 [1] қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін және [1], 7-бабына сәйкес сәйкестігін растаудан өткен өнім айналымының бірыңғай белгісімен таңбалауы болуға тиіс.

5.8 Буып-түюге қойылатын талаптар

5.8.1 Кабельдерді буып-түю ГОСТ 18690 және [2] сәйкес келуге тиіс.

5.8.2 Кабельдерді ораммен жеткізуге тиіс.

5.8.3 Кабельдері бар әр орам сынақ нәтижелері бар хаттамамен жабдыкталуға тиіс.

5.8.4 Хаттама су өткізбейтін пакетке салынуға тиіс. Хаттама ережесі және кабельдің жоғарғы ұшы орамның сыртқы бетіне «Хаттама» сөзі белгіленуге тиіс.

5.8.5 Кабельдер тұтынушыға [1] сәйкес пайдалану құжаттарымен бірге жүруге тиіс. Ілеспе құжаттар сынақ хаттамасымен бірге су өткізбейтін пакетке салынуға тиіс.

5.9 Қауіпсіздік талаптары

5.9.1 ГОСТ 12.2.007.0 бойынша кабельдің қауіпсіздік талаптары және адамның электр тоғымен зақымдану тәсілі бойынша класы.

5.9.2 ГОСТ 12.2.007.14 бойынша бұйым құрастырылымына белгіленетін қауіпсіздік жөніндегі талаптар.

5.9.3 Кабельді өндіру кезінде ГОСТ 12.3.008 бойынша қауіпсіздік техникасы талаптарын орындауға тиіс.

5.9.4 ГОСТ 12.4.011 және ГОСТ 12.4.103 бойынша жұмыс істейтіндерді қорғау құралдарына қойылатын қауіпсіздік талаптары.

5.9.5 ГОСТ 12.1.005 бойынша жұмыс аймағы ауасына қойылатын қауіпсіздік талаптары.

5.9.6 ГОСТ 17.2.3.02 бойынша зиянды шығарындылары нормасына қойылатын талаптар.

5.10 Өрт қауіпсіздігі талаптары

5.10.1 ПВХ қаптамасындағы кабельдер ҚР СТ 1798 бойынша жеке төсем кезінде жануының таралмауға тиіс.

5.10.2 [3] және ГОСТ 12.1.004 бойынша өндірістік орынжайларда өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары.

5.11 Сенімділік талаптары

5.11.1 Кабельдердің қызмет ету мерзімі, жыл, кем емес болуға тиіс:

- поливинилхлоридті оқшаулаудан жасалған қаптамасы бар 12;

- жарық тұрақтандыратын полиэтиленнен жасалған қаптамамен 15.

5.11.2 Нақты қызмет ету мерзімі көрсетілген мерзіммен шектелмейді, кабельдің техникалық жай-күйімен анықталады.

Қызмет ету мерзімі дайындалған күннен бастап есептеледі.

6 Қабылдау ережесі

6.1 Жалпы талаптар

Кабельдерді қабылдау ережесі ГОСТ 15.309, ГОСТ 16504 және осы стандарт талаптарына сәйкес келуге тиіс.

6.2 Сынақ санаттары

ҚР СТ 2644-2015

Кабельдердің осы стандарттың талаптарына сәйкестігін тексеру үшін мынадай санаттағы сынақтарды жүргізеді:

- қабылдау-тапсыру;
- кезеңдік;
- типтік.

6.3 Қабылдау-тапсыру сынақтары

6.3.1 Сымдарды топтамалармен қабылдауға ұсынады. Топтама үшін 50 км дейін мөлшердегі ток өткізетін тіндердің бір диаметрлі, бір маркалы сымдарды қабылдайды. Топтаманың ең жоғарғы көлемі – кабелі бар үш орам.

6.3.2 Сынақ құрамы, сынақ құрамын топқа бөлу және сынақ жүргізу тәртібі 3-кестеде көрсетілгендерге сәйкес келуге тиіс.

3-кесте

Сынақ тобы	Сынақ немесе тексеріс түрлері	Тармақ	
		техникалық талаптар	сынақ әдістер
С-1	Құрастырылымды және құрастырылымдық өлшемдерді тексеру	5.2.1-5.2.3; 5.3.1.1.2; 5.3.1.2.2; 5.3.1.3.2; 5.3.1.4.2; 5.3.2.1.2; 5.3.2.2.2; 5.3.3.2.1; 5.3.3.2.2	7.2.1
С-2	Қаптаманың қымталуын тексеру	5.3.3.2.3	7.2.2
С-3	Ішкі өткізгіштің электр кедергісін анықтау	5.4.1.1	7.3.1
С-4	Радиожиілікті элементтің окшаулауының электр кедергісін анықтау	5.4.1.2	7.3.2
С-5	Радиожиілікті элементті кернеумен сынау	5.4.1.3	7.3.3
С-6	Радиожиілікті элементтің электр сыйымдылығын анықтау	5.4.1.4	7.3.4
С-7	Радиожиілікті элементтің сөну коэффициентін анықтау	5.4.1.5; 5.4.1.6	7.3.5
С-8	Радиожиілікті элементтің толқынды кедергісін анықтау	5.4.1.7	7.3.6
С-9	Қорек тіндерінің электр кедергісін анықтау	5.4.2.1	7.3.7
С-10	Қорек тіндері окшаулауының электр кедергісін анықтау	5.4.2.2	7.3.8
С-11	Қорек тіндерін кернеумен сынау	5.4.2.3	7.3.9
С-12	Таңбалауды және буып-түюді тексеру	5.7, 5.8	7.7

6.3.3 С-1 - С-12 сынақтарын $C=0$ қабылдау саны бар іріктемелі бір сатылы бақылау жоспары бойынша жүргізеді.

Іріктеме көлемі тапсырылатын топтамадан 20 % кем емес, бірақ кабелі бар үш орамнан кем емес құрауға тиіс. Іріктемені кездейсоқ іріктеумен жасайды.

6.3.4 Кабель қаптамасының қымталуын тексеру өндіріс процесінде тұтас бақылау жоспары бойынша жүргізуге рұқсат етіледі.

6.3.5 Қабылдау-тапсыру сынақтарының теріс нәтижелерін алған кезде ГОСТ 15.309 бойынша (6-бөлімді қараңыз) қабылдайды.

6.4 Кезеңдік сынақтар

6.4.1 Кезеңдік сынақтарды жылына бір реттен сирек емес жүргізеді. Сынақ құрамы және сынақтарды топқа бөлу 4-кестеде көрсетілгенмен сәйкес келуге тиіс.

4-кесте

Сынақ тобы	Сынақ немесе тексеріс түрі	Тармақ	
		техникалық талаптар	сынақ әдістері
П-1	Толқын ұзындығын қысқарту коэффициентін анықтау	5.4.1.8	7.3.10
П-2	Йлуге төзімділігіне кабельді сынау	5.5.1	7.4.1
П-3	Шектік үзілу күшін анықтау	5.5.2	7.4.2
П-4	Сыртқы әсер етуші факторларына төзімділігін тексеру	5.6	7.5.1-7.5.6
П-5	Жеке төсем кезінде жануының таралмауын сынау	5.10.1	7.5.7
П-6	Сенімділігін анықтау	5.11	7.6
П-7	Таңбалау беріктігін тексеру	5.7.2	7.7

6.4.3 Сынауды бірінші іріктеме үшін $C-1 = 0$ қабылдау саны және $C-2 = 2$ брақтау саны бар үлгілердің $n_1=3$, $n_2=6$ іріктемеде іріктемелі екі сатылы бақылау жоспары бойынша, қабылдау-тапсыру сынақтарынан өткен, кабельдерде жүргізуге тиіс.

Бірлікке тең бірінші іріктемедегі ақаулардың саны кезінде екінші іріктемені тексереді.

Іріктеменің жиынтық қабылдау саны (n_1 және n_2) $C-3=1$.

6.4.4 Сынау үшін іріктемеде кез келген марка өлшемдегі кабельдерді қосады.

6.5 Типтік сынақтар

ҚР СТ 2644-2015

6.5.1 Кабельдердің осы стандарт талаптарына сәйкестігіне арналған типтік сынақтарды технологиялық құжаттамаға өзгерістер енгізу қажеттілігінде жүргізеді.

6.5.2 Типтік сынақтар белгіленген тәртіпте бекітілген бағдарлама бойынша жүргізеді. Хаттамамен және актімен рәсімделген сынақ нәтижелері бойынша технологиялық құжаттамаға өзгерістер енгізу дұрыстылығы туралы шешім қабылдайды.

7 Бақылау әдістері

7.1 Жалпы талаптар

7.1.1 Кабельдерді сынау ГОСТ 15150 бойынша қалыпты жағдайда жүргізеді, атап айтқанда:

- қоршаған ауа температурасы, °C..... 25 ± 10 ;
- салыстырмалы ауа ылғалдығы, %.....45-тен 80-ге дейін;
- атмосфералық қысым, кПа(мм сын.бағ.)..84,0-ден 106,7 дейін (630-дан 800 дейін).

7.1.2 Сынау кезінде қолданылатын өлшеу құралдары салыстырып тексерілуге, ал сынақ жабдығы аттестатталуға тиіс.

7.1.3 Өлшеу құралдарында және сынақ жабдығында паспорт және оларды алмастыратын пайдалану құжаттары болуға тиіс.

7.2 Құрастырылымын және құрастырылымдықөлшемдерді тексеру

7.2.1 Құрастырылымды және құрастырылымдық өлшемдерді 5.2.1-5.2.3; 5.3.1.1.2; 5.3.1.2.2; 5.3.1.3.2; 5.3.1.4.2; 5.3.2.1.2; 5.3.2.2.2; 5.3.3.2.1; 5.3.3.2.2 бойынша ГОСТ 12177 бойынша өлшеулермен және ұлғайтқыш құралдарды қолданбай-ақ сыртқы тексерумен жүргізеді.

7.2.2 Пластмасса қаптаманың қымталуын 5.3.3.2.3 бойынша тексеруді төменде келтірілген әдістердің бірімен жүргізеді.

а) 2-А әдісі – ГОСТ 27893 бойынша.

б) Суға жүйелі батыру арқылы гидрофобты толтырусыз кабельдің ішіне құрғақ ауаның (газдың) артық қысымын беру әдісі.

Кабель ұшындағы артық қысым 0,098 МПа (1 кгс/см^2) кем емес болуға тиіс.

Кабельді батыру арқылы туындаған көпіршіктердің пайда болуын тоқтатқаннан кейін 10 мин соң су бетінде ауа көпіршіктері пайда болмауға тиіс.

Қысымды өлшеуге арналған манометрлер ГОСТ 2405 бойынша 1,0 дәлдік класына сәйкес келуге және 0,59 МПа (6 кгс/см^2) дейін шкаласы болуға тиіс.

в) ГОСТ 2990 бойынша 50 Гц кем емес жиіліктегі айнаымалы тоқтың төменгі кернеуін салу әдісі.

7.3 Электр параметрлерін тексеру

7.3.1 Радиожиілікті элементтің ішкі өткізгішінің 5.4.1.1 бойынша электр кедергісін анықтау ГОСТ 7229 бойынша жүргізеді.

Егер сынау кезінде радиожиілікті элементтің ішкі өткізгіштің электр кедергісі 5.4.1.1-де белгіленген мәннен артық емес болса, тексеру нәтижелері оң деп саналады.

7.3.2 Радиожиілікті элемент оқшаулауының электр кедергісін 5.4.1.2 бойынша анықтауды құрылыс ұзындықтарына ГОСТ 3345 бойынша жүргізеді.

Егер сынау кезінде электр кедергісі 5.4.1.2-де белгіленген мәндерден кем емес болса, тексеру нәтижелері оң деп саналады.

7.3.3 5.4.1.3 бойынша кернеу арқылы сынау ГОСТ 2990 бойынша жүргізеді.

Егер оқшаулау тесуі болмаса, тексеру нәтижелері оң деп саналады.

7.3.4 Радиожиілікті элементтің электр сыйымдылығын 5.4.1.4 бойынша анықтау ГОСТ 11326.0 сәйкес 3-әдіс бойынша жүргізеді.

Егер сынау кезінде электр сыйымдылық мәнін 5.4.1.4-те белгіленгеннен артық емес болса, тексеру нәтижелері оң деп саналады.

7.3.5 Радиожиілікті элементтің 5.4.1.5; 5.4.1.6 бойынша сөну коэффициентін анықтауды ГОСТ 11326.0 сәйкес жүргізеді.

Егер сынау кезінде сөну коэффициенті 5.4.1.5; 5.4.1.6-да белгіленгеннен артық емес мәні болса, тексеру нәтижелері оң деп саналады.

7.3.6 Толқын кедергісін 5.4.1.7 бойынша анықтауды ГОСТ 11326.0 сәйкес 6-әдіс бойынша жүргізеді.

Егер толқын кедергісінің мәні 5.4.1.7-ге сәйкес келсе, тексеру нәтижелері оң деп саналады.

7.3.7 Қорек тіндерінің электр кедергісін 5.4.2.1 бойынша анықтауды ГОСТ 7229 бойынша жүргізеді.

Егер сынау кезінде қорек тіндерінің электр кедергісі 5.4.2.1-де белгіленген мәннен артық емес болса, тексеру нәтижелері оң деп саналады.

7.3.8 Қорек тіндерінің оқшаулауының 5.4.2.2 бойынша электр кедергісін анықтау құрылыс ұзындықтарына арналған ГОСТ 3345 бойынша жүргізеді.

Егер сынау кезінде электр кедергісі 5.4.2.2-де белгіленген мәннен кем емес болса, тексеру нәтижелері оң деп саналады.

7.3.9 Кернеу арқылы 5.4.2.3 бойынша сынау ГОСТ 2990 бойынша жүргізеді.

Егер қорек тіндерінің оқшаулауының тесуі болмаса, тексеру нәтижелері оң деп саналады.

7.3.10 Радиожиілікті элементте 5.4.1.8 бойынша толқын ұзындығын қысқарту коэффициентін тексеруді ГОСТ 11326.0 бойынша жүргізеді.

Егер коэффициент 1,6 артық емес болса, тексеру нәтижелері оң деп саналады.

7.4 Механикалық әсерлер кезіндегі төзімділік бойынша тексеру

7.4.1 Кабельді 5.5.1 бойынша иілулерге төзімділігін сынау ГОСТ 12182.8 бойынша 1,5 м кем емес ұзындықтағы кабельдердің үш үлгісіне жүргізілуге тиіс.

Егер кабель қаптамасында жарықтар табылмаса, тексеру нәтижелері оң деп саналады.

7.4.2 Шектік үзілу күшін 5.5.2 бойынша анықтауды 250 мм жұмыс ұзындығы бар үлгілерде ГОСТ 28840 бойынша ұзу машинасында жүргізеді. Үлгінің созылу жылдамдығы 0,2 м/мин аспауға тиіс.

Егер салмақ түсетін сымарқанның үзілуі болмаса, тексеру нәтижелері оң деп саналады.

7.5 Сыртқы әсер ету факторларына төзімділігін тексеру

7.5.1 5.6.1-де белгіленген қоршаған ортаның жоғары температураның әсерін сынауды қалыпты климаттық жағдайда 3 сағ бойы ұсталған және кабельдің сыртқы қаптамасы бойынша 10 диаметрге тең ішкі радиусымен орамға оралған 1 м кем емес ұзындықтағы үлгілерде ГОСТ 20.57.406-ға сәйкес 201.1.1 әдісі бойынша жүргізеді.

Үлгілерді жарық тұрақтандыратын полиэтиленнен жасалған қаптамасы бар кабельдер үшін (80 ± 2) және поливинилхлоридті пластикаттан жасалған қаптамасы бар кабельдер үшін (70 ± 2) алдын ала белгіленген температурасы бар жылу камерасына орналастырады және осы температурада 3 сағ бойы ұстайды.

Камерадан үлгілерді алып тастағаннан және кемінде 1 сағ қалыпты климаттық жағдайда ұстағаннан кейін үлгілерлі көзбен шолып тексеруі және кернеу арқылы сынауды жүргізеді.

Егер барлық үлгілер 5.4.1.3; 5.4.2.3 белгіленген талаптарға сәйкес келсе және сынақтан өткен үлгілердің сыртқы бетінде жарықтар табылмаса, кабельдерді сынақтан өтті деп саналады.

7.5.2 5.6.2-де белгіленген қоршаған ортаның төмен температураның әсерін сынау кабельдің сыртқы қаптамасы бойынша 10 диаметріне тең ішкі радиусы бар орамда оралған және қалыпты климаттық жағдайда 3 сағат бойы ұсталған 1 м кем емес ұзындықтағы үлгілерге арналған ГОСТ 20.57.406 сәйкес 203-1 әдісі бойынша жүргізеді.

Үлгілер минус (40 ± 2) °C алдын ала белгіленген температурасы бар салқын камераға орналастырады және 1 сағ бойы осы температурада ұстайды.

1 сағ кем емес қалыпты климаттық жағдайларда ұстау камерасынан үлгілерді алып тастағаннан кейін үлгілердің сыртқы тексеруін және кернеу арқылы сынауды жүргізеді.

Егер барлық үлгілер 5.4.1.3; 5.4.2.3-те белгіленген талаптарға сәйкес келсе және сынақтан өткен үлгілердің сыртқы бетінде жарықтар табылмаса, кабельдерді сынақтан өтті деп саналады.

7.5.3 5.6.3-те белгіленген ауаның жоғары ылғалдығына әсерін сынауды кабельдің сыртқы қаптамасы бойынша 10 диаметріне тең орамға оралған және қалыпты климаттық жағдайда 3 сағ бойы ұсталған 1 м кем емес ұзындықтағы үлгілерге арналған электр жүктемесіз ГОСТ 20.57.406 сәйкес 208-2 әдісі бойынша жүргізеді.

Үлгілерді плюс (35 ± 2) °C температурасы кезінде 98 % алдын ала белгіленген ылғалдығы бар ылғал камераға орналастырады.

Ылғал камерасында үлгілерді ұстау уақыты – 2 тәулік.

Камерадан алып тастағаннан кейін үлгілерді қалыпты климаттық жағдайларда 3 сағ кем емес ұстайды және оқшаулаудың электр кедергісін өлшейді.

Егер барлық үлгілер 5.4.1.2; 5.4.2.2-де белгіленген талаптарға сәйкес келсе, кабельді сынақтан өтті деп санайды.

7.5.4 Жарық тұрақтандыратын полиэтиленнен жасалған қаптамасы бар кабельдерді 5.6.4 бойынша күн сәулесі әсеріне сынауды ГОСТ 20.57.406-ға сәйкес 211-1 әдісі бойынша жүргізеді.

Егер сынақ аяқталғаннан және 1 сағ бойы қалыпты жағдайларда ұстағаннан кейін үлгілерді 7.5.3 бойынша ортаның төмен температурасының әсеріне сынаудан өтсе, кабельдің күн радиациясы әсеріне төзімді деп саналады.

7.5.5 Зенді саңырауқұлақтармен зақымдауына 5.6.5 бойынша кабельдің төзімділігін тексеруді 200 мм кем емес ұзындықтағы түзетілген үлгілерге арналған ГОСТ 20.57.406 (214-1 әдісі) бойынша жүргізеді.

Егер сыналған үлгілердің биологиялық өсу дәрежесі 2 баллдан аспаса, кабель сынақтан өткен деп саналады.

7.5.6 Май мен бензин әсеріне төзімділігіне 5.6.6 бойынша кабельдерді тексеруді ГОСТ 25018 бойынша жүргізеді.

Егер кабель бетінде жарықтар болмаса және ол 5.4.1.3; 5.4.2.3 бойынша кернеу арқылы сынақтан өтсе, кабельдер сынақтан өткен деп саналады.

7.5.7 Кабельдерді 5.10.1 бойынша жануын таралмауына сынау ҚР СТ бойынша жеке салынған кабельге арналған әдістеме бойынша жүргізіледі. Сынауға арналған сынамаларды және үлгілерді іріктекті ҚР СТ 1798-ге сәйкес жүргізеді.

Егер барлық үлгілер ҚР СТ 1798 талаптарына сәйкес келсе, кабель сынақтан өтті деп саналады.

7.6 Сенімділігін тексеру

ҚР СТ 2644-2015

5.11 бойынша қызмет ету мерзімін тексеруді ГОСТ 27.410 сәйкес әзірленген әдістемелері бойынша жүргізеді.

7.7 Таңбалауды және буып-түюді тексеру

7.7.1 5.7 бойынша таңбалауды және 5.8 бойынша буып-түюді тексеруді сыртқы тексерумен жүргізеді.

Егер сымдарды буып-түю сапасы мен таңбалау құрастырылымдық құжаттамаға және осы стандарт талаптарына сәйкес келсе, тексеру нәтижелері оң деп саналады.

7.7.2 Түстік таңбалау беріктігін 5.7.2 бойынша тексеруді тексеруді суға батырылған макта немесе дәке тампонымен жеңіл он дүркін сұрту (екі қарама қарсы бағытта) арқылы жүргізеді.

Егер сұрткеннен кейін таңбалау айқын көрінсе, ал тампон боялмаса, сынау нәтижелері оң деп саналады.

8 Тасымалдау және сақтау

8.1 Кабельдерді тасымалдау және сақтау ГОСТ 18690 талаптарына сәйкес келуге тиіс.

9 Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар

9.1 Кабельдерді төсеу және монтаждау минус 10 °С кем емес ауа температурасы кезінде жүргізілуге тиіс.

9.2 Кабельдердің иілуінің рұқсат етілген радиусы кабельдің кемінде 15 сыртқы диаметрлері болуға тиіс.

9.3 Кабельдерді бөлу оның зақымдануын болдырмайтын тәсілдермен және аспаптармен жүргізілуге тиіс.

9.4 Кабельдерді монтаждау оның зақымдануын болдырмайтын құралдардың және бекіту элементтерінің көмегімен жүргізілуге тиіс.

9.5 Өрт қауіптілігі класы – ГОСТ 31565 бойынша.

10 Дайындаушының кепілдіктері

10.1 Дайындаушы тасымалдау, сақтау, монтаждау және пайдалану шарттарын сақтау кезінде осы стандарттың талаптарына кабельдің сәйкестігіне кепілдік береді.

10.2 Кабельдерді пайдаланудың кепілдік мерзімі – пайдалануға енгізілген күннен бастап 1 жыл.

А қосымшасы
(ақпараттық)

А.1 кестесі - Кабель маркалары, атауы және басым қолданылу салалары

Кабель маркасы	Атауы	Басым қолданылу саласы
КВК-В	Поливинилхлоридті пластикаттан жасалған жалпы қаптамадағы кабель	Ішкі төсем үшін
КВК-П	Жарық тұрақтандыратын полиэтиленнен жасалған жалпы қаптамадағы кабель	Ғимарат қабырғалары, эстакадалар, марштар бойынша және қорғаныш құбырларда сыртқы төсем үшін
КВК-Пт	Мырышталған болат сымнан жасалған сымарқаны бар жарық тұрақтандыратын полиэтиленнен жасалған жалпы қаптамадағы кабель	Тіреулерде және жергілікті құрастырылымдарда сыртқы аспа үшін

Б қосымшасы
(ақпараттық)

Ең жоғарғы сыртқы диаметрі және 1 км кабельдің есептік салмағы

Б.1 кестесі

Кабель маркасы	Кабелдің ең жоғарғы сыртқы өлшемі, мм	1 км кабельдің есептік салмағы, кг
КВК-В 2-2х0,5	5,6 х 8,8	53,4
КВК-В 2-2х0,75	5,6 х 9,2	59,4
КВК-В 3-2х0,5	6,2 х 9,5	63,2
КВК-В 3-2х0,75	6,2 х 9,9	69,3
КВК-П 2-2х0,5	5,6 х 8,8	46,4
КВК-П 2-2х0,75	5,6 х 9,2	52,2
КВК-П 3-2х0,5	6,2 х 9,5	55,3
КВК-П 3-2х0,75	6,2 х 9,9	61,2
КВК-Пг 2-2х0,5	7,8 х 13,1	58,0
КВК-Пг 2-2х0,75	7,8 х 13,6	63,8
КВК-Пг 3-2х0,5	8,2 х 13,1	66,9
КВК-Пг 3-2х0,75	8,2 х 13,6	72,7

Библиография

[1] Кеден одағы комиссиясының 2011 ж 16 тамыздағы №768 шешімімен бекітілген КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті.

[2] Кеден одағы комиссиясының 2011 ж 16 тамыздағы №769 шешімімен бекітілген КО ТР 005/2011 «Орауыштың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті.

[3] ҚР Үкіметінің 2009 ж 16 қаңтардағы №14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

ӘОЖ 621.315.2:006.354

МСЖ 29.060.20

Түйін сөздер: Кабель бұйымдары, полиэтилен, поливинилхлоридті пластикат, ток өткізетін тін, оқшаулау, қаптама, қабылдау ережесі, бақылау әдістері, таңбалау, буып-түю



НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КАБЕЛИ КОМБИНИРОВАННЫЕ ДЛЯ СИСТЕМ ВИДЕОНАБЛЮДЕНИЯ

Технические условия

СТ РК 2644-2015

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан № 236-од от «24» ноября 2015 года

3 В настоящем стандарте реализованы положения Законов Республики Казахстан «О техническом регулировании» от 9 ноября 2004 года № 603-П и «О языках в Республике Казахстан» от 11 июля 1997 года № 151-І

**4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ**

2020 год
5 лет

5 ВВОДИТСЯ ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок - в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано ежемесячно информационном указателе «Национальные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан

**КАБЕЛИ КОМБИНИРОВАННЫЕ ДЛЯ СИСТЕМ
ВИДЕОНАБЛЮДЕНИЯ****Технические условия**

Дата введения 2017-01-01**1 Область применения**

Настоящий стандарт распространяется на кабели комбинированные для систем видеонаблюдения (далее – кабели) и устанавливает требования к конструкции, техническим характеристикам на кабели, предназначенные для передачи телевизионных сигналов в системах видеонаблюдения с одновременным подключением питания и/или передачи сигналов управления напряжением не более 250 В и частотой не более 400 Гц.

2 Нормативные ссылки

Для применения настоящего стандарта необходимы следующие ссылочные нормативные документы:

СТ РК 1798-2008 Кабели и провода электрические. Показатели пожарной опасности. Методы испытаний.

